

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Бастауыш сыныптың оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы мұғалім төмендегідей мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік туады:

- шынайы жағдайға жақындатылған оқу үдерісінің жағдайларында нәтижелі қатынастың дағдыларын қалыптастыру;
- өзінің көзқарасын дәлелдей білуді, өзіндік ойды нақты қалыптастырып және анық баяндай білуді дамыту;
- күрделі жағдайларды талдау, басты және қосалқы себептерді анықтай білу, олардың шешілу жолдары мен тәсілдерін табу қабілеттерін дамыту;
- зейін, ес, ойлау үдерістерін жетілдіруді қолға алуға мүмкіндік береді [4].

Қорыта айтқанда, педагогикалық технологиялардың көптүрлілігі мен тиімді, мәнді мағынада қолданылуы оқушылардың тұлғалық және танымдық дамуының қажетті деңгейіне қол жеткізудің жолдары мен тәсілдерін анықтайтын басты құралдардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. –А., 2007.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. А – 2006, -1226.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Дарын – А-2004, -3796.
4. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. Алматы, 2015.-3786.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Талғат Тоғжан

«5В012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының IV курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекшісі А.Н. Жумадилова

Педагогика және психология ғылымдарының магистрі

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»

Н. Ә. Назарбаев

Адамзат техниканың қарқынды дамуы арқасында жаңа дәуірге аяқ басты, Компьютерлер, Интернет, спутниктік теледидар, мультимедиа біздің өмірімізге шапшаң еніп үлгерді. Компьютерлік технологиялардың дамуы қоғамды жылдам өрістеп жатқан интеграциялық процестерге байланысты ақпараттандырудың ауқымды проблемасымен бетпе-бет келтіріп отыр. Бұл проблема тіршілігіміздің барлық саласын: ғылымды да, мәдениетті де, білім беру қызметін де, өндірісті де түгел қамтиды.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Ақпараттық технологияларды пайдаланбайынша қазіргі өмірде бағдар табудың өзі қиын. Бірақ біз бұл ғасырдың өзге де болмыстық шындығы бар екенін мойындауымыз керек. Ол – жалпы білім беретін мектеп оқушылары құрамының физикалық, психикалық және сенсорлық даму деңгейлері бойынша бір текті еместігі. Әсіресе оқу мекемелеріне келуге дәрмені жоқ, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар, сондай-ақ мүгедек балалар жағдайы айрықша назар аударуды талап етеді.

Мектеп алдында мынадай міндет тұр: оқушылардың, соның ішінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың ойдағыдай әлеуметтенуі үшін бірқатар біліктілік қабілетін қалыптастыру.

«Мектеп білім ордасы, ұстаз мектеп тұлғасы» - дейді халық даналығы. Осы мақалға орай мұғалім оқуды ұйымдастыру шарты ретінде оқыту процесін шығармашылық қарастыруға жауапты болып табылады. Яғни оқу процесін ұйымдастыруда «оқушыны оқуға қалай оқытуды емес», оқушыны оқуға қалай үйретуге қажеттілігін ойластыруды талап етеді. Ұстаз оқушының танымдық іс-әрекетін жақсы ұйымдастырушы, баланың табысына қатты ынта қоятын, олардың рухани өсуіне мүдделі қамқор адам.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыруды жоғары қарқыны, телекоммуникациялық технологиялардың дамуы мен Интернеттің жаһандық желісі айрықша талаптары бар балалар алдынан білім алуда жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Мұндағы неғұрлым тиімді жұмыс формаларының бірі дистанциялық оқыту болып табылады. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» — деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасалуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі бір оқушының болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет.

Көптеген зерттеушілер бойынша, танымдық қызметтің толық жетіспейтіндігі мүмкіндігі шектеулі оқушыларына тән қасиет екендігі делелденген.

Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есінің қалыптасуы да өскен ортасына, алған тәрбиесіне, білім алған мұғаліміне байланысты.

«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деп білімді күннің нұрына, мыңның күшіне балайды. Сондықтан оқу инемен құдық қазғандай деп бағалаған халқымыз. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, оларға қарапайым түсініктерді жеткізу қиын шаруа. Оларды оқытып, танытып, үйретіп, көкейіне тоқытумен бірге білім беру үшін көп еңбек, шыдамды төзім, ұстаздық жылы сезім, оқушыға деген махаббат пен кішіпейілділік, имандылық парыз, парасаттылық керек. Осыған орай, өзгеріс пен жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдындағы шапшаң әрі баяу және төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы оқушының жүрегіне жол тауып, оның шығармашылық қабілетін дамыту күрделі құрылым екендігі даусыз.

Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі оқушының өзіне деген сенімділік орнатқызып оқуға деген ықыласын оятумен бірге өткізілген әрбір сабақты қызықтыратындай етіп ұйымдастыру керек.

Қызығу танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі оқушының танымдық қызығушылығын арттыруда мынадай үш жағдайды қалыптастырып келеміз. Олар:

1. Оқыту мазмұнын, оның берілу түрін техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
2. Оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.
3. Мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалым арасындағы қарым-қатынасда сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі оқушыны оқытуда қызықтыратын ақпараттық құралдардың тағы бір түрі – компьютер. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі оқушының оқуына жағдай жасау барасында арнайы мүгедек жандарға арналған компьютерлер беріліп, сол компьютерлерді оқу процесінде тиімді қолданып жатыр. Өйткені қоғамның қазіргі даму

кезеңі жедел ақпараттандырылу процесімен сипатталады. Ақпараттық компьютерлік технологиялардың білім беру жүйесіне енуі – жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайдың талабы. Компьютерлік технологиялардың дамуына компьютерлік сауаттылық көрсеткішін енгізіп отыр. Яғни, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі оқушының білім сапасын, компьютерлік сауаттылығын жоғарлату үшін тек қана информатика сабағында ғана емес, барлық пән сабақтарында әр ұстаздың міндетіне айналып келеді.

Педагог қызметкерлер дамуындағы кемшілігі бар баланы өзімен қатарлас дені сау балалармен бірдей спорттық сайыстарға, түрлі байқауларға қатыстыру арқылы өмірге құштарлығын, танымдық қабілеттерін дамытады. Осы мақсатты орындауда әлеуметтік тәрбие мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау, кедергілерді мүмкіндігінше жоя білу, орнын толтыру. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қатарға қосу, әлеуметтендіру үрдісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергіге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда АКТ-ның барлық мүмкіндігін пайдалануымыз қажет.

Интерактивті тақта – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Қазіргі уақытта білім беруде интерактивті құралдарды кеңінен қолданылып жүргені баршамазға аян. Сонымен қатар интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Барлық пәндер бойынша бағдарламаға сай тақырыптық DVD, CD-ROM дискаларымен қамтамасыз етілген. Мультимедианың әдістемелік күші оқушыны бейнекөріністермен тез қызықтырып, көңіл күйінің өзгеруіне септігін тигізеді. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Бұл мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлде қайда тиімді, әрі әсерлі. Қытайдың бір нақыл сөзіне көңіл аударсақ: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Жаңа ақпараттық құралдарды түзету сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, сабақта ойын әдіс-тәсілдері қолданылады, мүмкіндігі шектеулі балалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер үшін талап та жоғары. Ұсынылып отырған ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады,

сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін артыра отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады.

Қорыта келгенде, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану: біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамыту 2015 тұжырымдамасы
2. Білім беру бағдарламасы. 2010.
3. Немов Р.С. Психология, книга 3, М: Владос, 2004.
4. Мектептегі психология журналы. №10, 2013.
5. Информатика негіздері журналы. №1, 2010.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 39-бет
7. Мектептегі психология журналы №9, 2009
8. Аюбаева Т. Ақпараттық технологиялар оқыту үрдісінде. // Қазақстан мектебі № 9, 2008
9. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану журналы. №3, 2014.

ӘОЖ 371.037Е-82

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тауасарова Данара Айқымбаевна

danara_judo@mail.ru

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы,
Алматы, Қазақстан

Қазақстан Республикасының келешек даму стратегиясындағы басымды бағыттардың қатарына Қазақстандық барлық қоғам өкілдерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтардың әл-ауқатының жақсаруы және білім беруді жетілдіру мәселері жатады. Бұл жайында ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» дамуы жоспарында баяндалған. Бұл бағыттар халықтың тарихи дамуы барысындағы жағдайдың ерекшелігі өз өмірі құрамындағы этностық және конфессиялық түрлі тектілікті тарихи қоғамдастық тағдыры, олардың үлкен территориялық аймағы мен халық санының аздығы, сонымен қатар елдің көптеген азаматтарының табиғи байлық көздеріне, таланттар мен мамандардың кәсіптік шеберлігіне қарамай сәйкес келмейтінін айта кету керек.

Адамдардың өз денсаулығына қатынасы олардың мінез-құлқы арқылы көрініс тауып, белгілі дәрежеде 49-53% - зерттеушілер мәліметі бойынша «дені сау болу, әлде сырқаттану» дилеммасын анықтайды. Салауатты өмір салтын насихаттаушы танымал ғалым В.М.Димов әрбір адам денсаулығын нығайтатын немесе денсаулығын бұзатын мінез-құлыққа ие болу мүмкіндігі бар екенін атап көрсетеді. Өз денсаулығына деген мұқият қарым-қатынасты тәрбиелеуге болады: отбасында, мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беретін мектептерде, жоғары және кәсіптік оқу орындарында. Дегенмен, «...денсаулықтың қадірі өлім елесі жақындай түскен сайын белгілі болмақ» Академик Н.М.Амосов өз денсаулығын туралы бала кезден ойлану қажеттілігін атап көрсеткенімен, өмір шынайылығы өз денсаулығы мен салауатты өмір салты туралы тәрбиелік шаралардың тиімсіздігін көрсетіп отыр.

Статистикалық материалдар мен бірқатар зерттеу жұмыстары соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасында өкпе (туберкулез), ВИЧ - жұқпалы індеттері, жыныс және жүрек-тамыр аурулары, түрлі қан және зат алмасу ауруларының өрши түскенін көрсетіп